

Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қазандағы N 972 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 458 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 458 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының қазақстандық бөлігінің тең төрағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 215 қаулысының;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 мамырдағы N 374 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

19

қазандағы

N

972

қаулысымен

бекітілген

Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.06.2012 N 810 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 N 23; 20.02.2013 № 160; 17.05.2013 N 497; 08.11.2013 N 1175; 19.09.2014 № 995 қаулыларымен.

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

1. «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» Ынтымақтастық комитетінің Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» сот төрелігі мен құқық тәртібі жөніндегі кіші комитеті.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі

2. «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» ынтымақтастық кеңесі.
3. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитет.
4. Қазақстан-Қырғыз үкіметаралық кеңесі.
5. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы президенттерінің қамқорлығындағы Мемлекетаралық үйлестіру кеңесі.
6. Қазақстан-Украина экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
7. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия.
- 7-1. «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясы.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

8. Қазақстан-венгр ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

9. Қазақстан-Словения сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

Ескерту. Бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

24. Қазақстан-Австрия сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
үкіметаралық комиссия.

25. Қазақстан-Вьетнам сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
бірлескен комиссия.

26. Қазақстан Республикасында тұратын этникалық немістер мәселелері
жөніндегі Қазақстан-герман үкіметаралық комиссиясы.

27. Қазақстан-грек экономикалық және технологиялық ынтымақтастығы
жөніндегі комиссия.

28. «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» ынтымақтастық комитеті.

29. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің қауіпсіздік
саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.

30. Қазақстан-Латвия сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
үкіметаралық комиссия.

31. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 N 497 қаулысымен.**

32. Қазақстан-поляк сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
комиссия.

33. Қазақстан-Палестина сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
комиссия.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

34. Қазақстан-герман мәдени ынтымақтастығы мәселелері жөніндегі аралас
комиссия.

35. Қазақстан-Египет экономикалық, ғылыми және техникалық
ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.

36. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің
мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.

37. Қазақстан-корей мәдени ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен комиссия.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

38. Украина-Қазақстан ғылыми-техникалық ынтымақтастығы мәселелері
жөніндегі бірлескен жұмыс тобы.

39. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің ғылыми-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі кіші комитеті.
40. Қазақстан-Ливия үкіметаралық бірлескен комиссиясы.
41. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның ғылым және жаңа технологиялар саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комиссиясы.
42. Қазақстан-түрік ғылыми-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен комиссия.
43. Қазақстан-үнді ғылыми-техникалық ынтымақтастығы комитеті.

9. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

44. Қазақстан-корея энергетика және минералдық ресурстар саласындағы бірлескен комитеті.
45. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан-Қытай комиссиясы.
46. Қазақстан-Норвегия сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.
47. Қазақстан-тәжік экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
48. Қазақстан-фин сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
- 48-1. Қазақстан – қырғыз Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланымдағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі комиссия.
- 48-2. Қазақстан – Қытай трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бірлескен комиссия.
- 48-3. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану мен қорғау жөніндегі комиссия.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

49. Қазақстан-армян сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
50. Қазақстан-иордан сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.
51. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 N 497 қаулысымен.
52. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 N 497 қаулысымен.
53. Қазақстан-молдова экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.
54. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 N 497 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Ескерту. Бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

65. Қазақстан-монғол сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.

66. Қазақстан-таиланд сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссия.

66-1. Қазақстан-болгар экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

67. Қазақстан-Кувейт сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен комиссия.

68. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 N 1175 қаулысымен.

68-1. Қазақстан – Литва сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.

14. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Ескерту. Бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Ескерту. 15-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 N 497 қаулысымен.

71. Қазақстан-венгр экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.

72. «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» ынтымақтастық комитетінің «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» сауда, инвестициялар, энергетика, көлік және экология жөніндегі кіші комитеті.

73. Қазақстан-Италия өнеркәсіптік және экономикалық ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобы.

74. Қазақстан-испан экономика және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық аралас комиссиясы.

75. Қазақстан-қырғыз үкіметаралық кеңесінің жанындағы шекара маңы ынтымақтастығы жөніндегі кіші комиссия.
76. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.
77. Қазақстан-Катар жоғары деңгейдегі бірлескен комиссиясы.
78. Қазақстан-Малайзия бірлескен сауда-экономикалық комитеті.
79. Америка – Орталық Азия сауда және инвестициялар жөніндегі кеңесі.
80. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссия.
81. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығы жөніндегі кіші комитеті.
82. Қазақстан-Сербия үкіметаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссия.

16. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

83. Қазақстан-америка энергетика саласындағы серіктестік жөніндегі арнайы к о м и с с и я .
84. Қазақстан-әзірбайжан экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі к о м и с с и я .
85. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.
86. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның отын-энергетика кешені саласындағы ынтымақтастығы жөніндегі кіші комиссиясы.
87. Қазақстан-румын сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
88. Қазақстан-түрікмен экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен к о м и с с и я .
89. Қазақстан-үнді сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссия.

17. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

90. Қазақстан-Беларусь сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссияның Қазақстан-Беларусь әскери-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі к і ш і к о м и с с и я с ы .
91. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның әскери-техникалық

ынтымақтастығы жөніндегі кіші комиссиясы.

92. Қазақстан-Украина әскери-техникалық ынтымақтастығы мәселелері жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссия.

93. Қазақстан-үнді әскери-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық бірлескен жұмыс тобы.

94. Қазақстан-француз қару-жарақ саласындағы бірлескен комиссия.

18. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

95. Қазақстан-хорват сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі

Ескерту. 19-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.02.2013 № 160 қаулысымен.

20. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

97. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің қаржы ынтымақтастығы жөніндегі кіші комитеті.

98. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі кіші комиссиясы.

21. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

Ескерту. Тізбе 21-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 N 1175 қаулысымен.

99. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің өткізу пункттері арасындағы және кеден ісі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі:

Ескерту. Тізбе бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

100. Қазақстан-әмірлік сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен комиссия.

101. Қазақстан-британ сауда-өнеркәсіп кеңесі.

102. Қазақстан-герман сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі

103. Қазақстан-жапон экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комитет.
104. Қазақстан Республикасындағы қысқартылуға тиіс ядролық қаруды жою саласындағы Қазақстан-Жапон ынтымақтастығы жөніндегі комитет.
105. Қазақстан-Израиль сауда-экономикалық байланыстары жөніндегі к о м и с с и я .
106. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің геология және жер қойнауын қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.
107. Қазақстан-Оңтүстік Корея сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
108. Қазақстан-сауд сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
109. Қазақстан-Словакия экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия.
110. Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясы.
111. «Қазақстан-Төменгі Саксония» жұмыс тобы.
112. Қазақстан-француз экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық к о м и с с и я .
113. Қазақстан-чех сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия .
114. Қазақстан-грузин сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі к о м и с с и я .
115. Қазақстан-Иран сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия.
116. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің көліктік ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.
117. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитеттің теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті.
118. Қазақстан-Пәкстан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссия.
119. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның көлік жөніндегі кіші к о м и с с и я с ы .
120. Қазақстан-түрік бірлескен көлік комиссиясы.
121. Қазақстан-үнді ақпараттық технологиялар саласындағы жұмыс тобы.
122. Қазақстан-Швейцария сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі к о м и с с и я .
123. Қазақстан-эстон экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы.

124. Қазақстан-ауған сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
үкіметаралық комиссия.

125. Қазақстан-Беларусь сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі
комиссия.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК